

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қ.

№249

2018 жылғы 22 ақпан

«Ақтөбе қаласында бюджеттік сала қызметкерлерін орналастыру үшін 70 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананы коммуналдық меншікке беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, 164-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 тіркелген, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 175 «Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15170 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясының 2018 жылғы 22 қаңтардағы отырысының №1 хаттамасының негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес, «Ақтөбе қаласында бюджеттік сала қызметкерлерін орналастыру үшін 70 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананы коммуналдық меншікке беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2018-2024 жылдарға мемлекеттік міндеттеме қабылданын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. АЙТБАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**«Ақтөбе қаласында бюджеттік сала қызметкерлерін орналастыру үшін 70 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананы
коммуналдық меншікке беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2018-2024 жылдарға
мемлекеттік міндеттеме**

Функциональ- дық топ	Сомасы (мың теңге)				Жылдар бойынша						
	Функциональная кіші топ				2019 жыл		2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі										
		Бағдарлама	Атауы								
1	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы	501 312	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616
	2 6 1		Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын- үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы	501 312	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616
		096	Мемлекеттік- жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер ді орындау	501 312	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616	71 616

